

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 15 шілдедегі № 208-VIII ҚРЗ

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі):

1) 1-баптың 1-тармағында:

53) тармақша мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте көрсетілген қызметтер, орындалған жұмыстар үшін ақы төлеу интернет-платформа арқылы жүргізілетін интернет-платформалардың операторлары салық агенттері болып танылады;"

62) тармақшаның екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақшаның мақсатында:

банктік шот шарттары бойынша төленетін сыйақылар да;

Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес ислам банкінің қызметін жүзеге асыру үшін ислам банкі ақшаны пайдалану мақсатында тауарды сатып алған кезде осындай тауарды сатушыға мәміле бойынша ислам банкі төлейтін тауарға үстеме баға да сыйақы деп танылады;"

2) 14-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көрсетілген қызметтер, орындалған жұмыстар үшін ақы төлеу интернет-платформа арқылы жүргізілмейтін интернет-платформа операторлары салық органдарына интернет-платформада тіркелген, интернет-платформаны пайдалана отырып, тапсырыс берушілерге қызметтер көрсететін немесе тапсырыс берушілерге жұмыстарды орындайтын тұлғалар туралы мәліметтерді уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мерзімдерде ұсынуға міндетті.";

3) 19-баптың 1-тармағында:

6) тармақшадағы "24-бабының 13) тармақшасында" деген сөздер "24-бабы бірінші бөлігінің 13), 13-1) және 13-2) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша "активтер мен міндеттемелер туралы" деген сөздерден кейін ", кірістер мен мүлік туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшадағы "талаптар қоюға құқылы." деген сөздер "талаптар қоюға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) салықтық әкімшілендіру кезінде салық органдарының ақпараттық жүйелерінде биометриялық сәйкестендіру құралын қолдануға құқылы.";

4) 22-бап мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі жасасатын сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша салық органдары салықтық тексеру барысында еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны тексерілетін салық төлеушіге қатысты алу бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды.

Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган салық органының сұрау салуы бойынша мұндай қорытындыны уәкілетті органмен бірлесіп, сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұсынады.";

5) 24-баптың бірінші бөлігінде:

13) тармақшада:

үшінші абзац алып тасталсын:

төртінші абзацтағы "дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған тексерілетін" деген сөздер "тексерілетін жеке тұлғаның, оның ішінде дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) және 13-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"13-1) салық органының сұрау салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияларды ұсыну міндеті туындаған жеке тұлғаның банктік шоттарының болуы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттарындағы ақша қалдықтары туралы мәліметтерді ұсынуға;

13-2) салық органының сұрау салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 20 000 еселенген мөлшерінен асатын мүлікті күнтізбелік жыл ішінде сатып алуына байланысты кірістер туралы декларацияны ұсыну міндеті туындаған жеке тұлғаның банктік шоттарындағы ақша қозғалысы туралы мәліметтерді ұсынуға;"

14) тармақшада:

бірінші бөлік "активтер мен міндеттемелер туралы" деген сөздерден кейін ", кірістер мен мүлік туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жетінші абзацын қоспағанда, осы баптың бірінші бөлігінің 13) тармақшасында көзделген мәліметтер, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінің 13-1) және 13-2) тармақшаларында көзделген мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен

келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынылады. Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген мәліметтер қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынылады;"

15) тармақшаның бірінші бөлігінің бірінші абзацы "төлемдерін" деген сөзден кейін ", табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан болған материалдық залалдың өтелуін және мемлекеттік бюджеттен және (немесе) қайырымдылық ұйымдарынан қажетті көмектің берілуін" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 26-бап мынадай мазмұндағы 9-1, 29 және 30-тармақтармен толықтырылсын:

"9-1. Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі жасасатын сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган тексерілетін салық төлеушіге қатысты салықтық тексеру барысында салық органының сұрау салуы бойынша еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны уәкілетті органмен бірлесіп, сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұсынады.";

"29. Қарыз краудфандингтік платформаны басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушысы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша краудфандингтік платформаларда жасалған шарттар, сондай-ақ резиденттер мен бейрезиденттерге төленген сыйақылар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады.

30. Кредиттік бюролар қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша коллекторлық және (немесе) микроқаржы ұйымдары алдында активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияларды ұсыну міндеті туындаған жеке тұлғалардың берешегі бойынша кредиттік есептен мәліметтер ұсынуға міндетті.

Осы тармақтың ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жеке тұлғаның кредиттік тарихын қалыптастыру үшін кредиттік бюроларға ұсынатын мәліметтерге қолданылмайды.";

7) 30-бапта:

1-тармақтың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) кірістер мен мүлік туралы декларацияда жеке табыс салығының асып кеткен сомасын қайтару жөніндегі талаптың бар (жоқ) екендігі туралы;"

3-тармақтың 4) тармақшасының бірінші бөлігі "қоршаған ортаны қорғау" деген сөздерден кейін ", ветеринария" деген сөзбен толықтырылсын;

8) 48-баптың 3-тармағы 3) тармақшасындағы "резиденттері үшін бес жылды құрайды." деген сөздер "резиденттері;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) көрсетілген кіріс бөлігінде – салық агенті жеке тұлғаның стандартты салықтық шегерімдерді қолдануға арналған өтінішпен және растайтын құжаттармен біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі кірістен жеке табыс салығын ұстап қалу күнінен кеш өтініш жасауы себебінен біржолғы зейнетақы төлемдеріне стандартты салықтық шегерімдерді қолданбаған жеке тұлғалар үшін бес жылды құрайды.";

9) 68-бап мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Салықтық әкімшілендіру кезінде салық органдары салық органдарының ақпараттық жүйелерінде биометриялық сәйкестендіру құралын қолдануға құқылы.

Салық органдарының ақпараттық жүйелерінде биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

10) 88-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес акциз төлеу жүргізілген акцизделетін тауарлардың импортын қоспағанда, сондай-ақ өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім болған кезде, осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, жинауды (жинақтауды);";

11) 172-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Міндетті таңбалауға жататын тауарларды бөлшек саудада өткізу кезінде деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары арқылы операцияларды есепке алу тауарларға салынған сәйкестендіру құралдарын оқу жолымен ғана жүзеге асырылады.";

12) 190-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің сақтандыру, қайта сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметке байланысты салықтық есепке алуы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен, уәкілетті органмен және салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісілген есептілік деректеріне негізделеді.";

13) 208-баптың 10-тармағы бірінші бөлігінің алтыншы абзацындағы "осы Кодекстің " деген сөздер "Еркін қойма аумағында өндірілуін, жиналуын (жинақталуын) қоспағанда, осы Кодекстің" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 212-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің декларацияларды ұсыну жағдайларын қоспағанда, активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияларды ұсыну мерзімі ұзартылмайды.";

5-тармақ алып тасталсын;

15) 226-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша кіріс;"

16) 231-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"231-бап. Сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістер";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі осы Кодекстің 190-бабы 4-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген салықтық есепке алуды қолдану кезінде сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістерді осы баптың және осы Кодекстің 232-бабының сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымы үшін көзделген ережелеріне сәйкес айқындайды.";

17) 232-баптың 2-тармағының 4) тармақшасында:

"2026 жылғы 31 желтоқсандағы" деген сөздер "2025 жылғы 31 желтоқсандағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"2026 жылға" деген сөздер "2025 жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 241-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) акцияларының бақылау пакеті Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қоры (бұдан әрі – арнайы қор) алған:

жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу шеңберіндегі міндетті және ерікті жарналардың сомасы;

республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлуге байланысты туындайтын кірістер;

көрсетілген кірістер кепілді қорды ұлғайтуға бағытталған жағдайда кепілді қордың активтерін орналастыру нәтижесінде алынған кірістер;"

19) 243-бап мынадай мазмұндағы 19-тармақпен толықтырылсын:

"19. Осы бөлімнің мақсатында сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары үшін осы Кодекстің 249, 250 және 251-баптарында көзделген шегерімдер осы Кодекстің 190-бабы 4-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген салықтық есепке алуды қолдану кезінде сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің шегеріміне жатады.";

20) 250-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кепілдің және басқа да қамтамасыз етудің құны, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелері бойынша арнайы қор берген кепілдік сомасы провизиялар (резервтер) құру қағидаларында айқындалған жағдайларда және тәртіппен провизиялардың (резервтердің) сомасын айқындау кезінде ескеріледі.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелері бойынша арнайы қор салықтық кезең үшін берген кепілдік сомасына провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар сомасын азайтады.";

6-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (ломбардты қоспағанда), өзара байланысты тарапқа не өзара байланысты тараптың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтерді қоспағанда, берілген микрокредиттер бойынша күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын, сондай-ақ олар бойынша сыйақыларды шегеруге құқығы бар. Осы тармақтың өзара байланысты тарапқа не өзара байланысты тараптың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтерді алып тастау бөлігіндегі ережелері Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасына сәйкес кредиттік серіктестіктер өз қатысушыларына беретін микрокредиттерге қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (ломбардты қоспағанда) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелері бойынша арнайы қор салық кезеңі үшін берген кепілдік сомасына провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар сомасын азайтады.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта көзделген салық төлеушілер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелері бойынша арнайы қор салық кезеңі үшін берген кепілдік сомасына провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар сомасын азайтады.";

21) 256-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беруге байланысты аударылған міндетті және қосымша жарналардың сомасы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылатын банктерден, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардан (ломбардты қоспағанда) және өзге де заңды тұлғалардан шегерімге жатқызылады.";

22) 257-баптың 2-тармағындағы "42) және 44) тармақшаларында" деген сөздер "46) және 48) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 289-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "Акционерлік қоғамдарды, мекемелерді және көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігінен" деген сөздер "Акционерлік қоғамдарды, мекемелерді және көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігінен, пәтерлер (тұрғын емес үй-жайлар) меншік иелері кооперативтерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 297-бапта:

11-тармақта:

бірінші бөліктегі "корпоративтік немесе жеке табыс салығы бойынша" деген сөздер "корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны немесе кірістер мен мүлік туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 15) тармақшасының бірінші абзацындағы "359-бабының 2-тармағы және 638-бабының 2-тармағы" деген сөздер "638-бабының 2-тармағы және 638-1-бабының 2-тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "немесе жеке табыс салығы бойынша" деген сөздер "табыс салығы бойынша декларацияны немесе кірістер мен мүлік туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 298-баптың 4-тармағының 6) тармақшасындағы "немесе жеке табыс салығы бойынша" деген сөздер "табыс салығы бойынша декларацияны немесе кірістер мен мүлік туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 307-баптың 2-тармағы 13) тармақшасының екінші абзацы "бірлестіктерінен" деген сөзден кейін ", пәтерлер (тұрғын емес үй-жайлар) иелері кооперативтерінен" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 317-бапта:

2-тармақтағы "39 және 40" деген сөздер "39, 40 және 71" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "74-тарауында" деген сөздер "71 және 74-тарауларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ алып тасталсын;

28) 319-баптың 2-тармағында:

18), 19), 29) және 41) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"18) жұмыс берушінің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшердегі міндетті зейнетақы жарналары;

19) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жеке тұлға өзіне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек ұсынылған кезде алған кіріс;"

"29) осы Кодекстің 291-бабының 1) тармағында көрсетілген дербес білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының (елдің, елді мекеннің) шегінен тыс жерлерде тұруға, медициналық сақтандыруға, оның ішінде ауырған жағдайда ерікті сақтандыру

шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге, әуе көлігімен тұрғылықты жерінен Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыру орнына дейін және кері қайтуға арналған шығыстарды төлеу (өтеу) түрінде іс жүзінде жүргізген:

осындай дербес білім беру ұйымының жұмыскері болып табылатын;

Қазақстан Республикасында осындай дербес білім беру ұйымының жұмыстарын орындау, қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

бейрезидент – заңды тұлғаның жұмыскері болып табылатын, осындай дербес білім беру ұйымының жұмыстарын орындайтын, қызметтерін көрсететін және тікелей осындай жұмыстарды орындайтын және осындай қызметтерді көрсететін резидент – шетелдік тұлға алған материалдық пайда;"

"41) мыналар:

осы Кодекстің ережелеріне сәйкес резидент-жеке тұлғаның кірістерінен есептелген және салық агенті оларды ұстап қалмай, өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеген жеке табыс салығының сомалары;

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес резидент-жеке тұлғаның кірістерінен есептелген және міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент оларды ұстап қалмай, өз қаражаты есебінен төлеген міндетті зейнетақы жарналарының сомалары;"

51) тармақшадағы "51) "Қазақстан" деген сөздер "47) "Қазақстан" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 321-баптың 17) тармақшасындағы "салық агентінен" деген сөздер "Қазақстан Республикасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 331-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

8) тармақшадағы "бағалы қағаздар," деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) бағалы қағаздар.";

9) тармақтың 1) тармақшасындағы ". Жеке тұлға опцион бойынша сатып алған бағалы қағаздарды өткізу кезінде сатып алу құны опционды орындау бағасы мен опционның сыйлықақысы мөлшерінде айқындалады" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-тармақтармен толықтырылсын:

"10. Бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кіріс:

1) жеңілдік жасалатын бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кірістен;

2) жеңілдік жасалатын бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кірістен тұрады.

11. Бағалы қағаздарды өткізуден, оның ішінде борыштық бағалы қағаздарды өтеуден алынатын нәтиже оң немесе теріс мәнге ие болуы мүмкін және салықтық

кезеңде шығып қалудың әрбір операциясы бойынша бағалы қағазды өткізу, өтеу құны мен оның бастапқы құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.

12. Жеңілдік жасалатын бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздарды өткізудің барлық операциясынан алынатын нәтижелердің жалпы сомасы салықтық кезең үшін:

егер мұндай сома оң мәнге ие болса, құн өсімінен түсетін кіріс;

егер мұндай сома нөлдік немесе теріс мәнге ие болса, нөлге тең деп танылады.

13. Жеңілдік жасалатын бағалы қағаздарды өткізу жөніндегі барлық операциядан алынатын нәтижелердің жалпы сомасы салықтық кезең үшін:

егер мұндай сома оң мәнге ие болса және осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 5), 6), 8-1), 15) және 16) тармақшаларына сәйкес ескерілсе, жеңілдік жасалатын бағалы қағаздар құнының өсімінен түсетін кіріс;

егер мұндай сома нөлдік немесе теріс мәнге ие болса, нөлге тең деп танылады.

Осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 5), 6), 8-1), 15) және 16) тармақшаларында, "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 7-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздар жеңілдік жасалатын бағалы қағаздар болып табылады.

14. Бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс бағалы қағаздардың түскен күніне байланысты оларды хронологиялық тәртіппен жүйелі түрде есептен шығару жолымен айқындалады.

15. Бағалы қағаздардың бастапқы құны мыналар болып табылады:

1) оларды сатып алу құны, Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес брокерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаға бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін комиссиялық сыйақыға арналған шығыстар. Жеке тұлға опцион бойынша сатып алған бағалы қағаздар бойынша сатып алу құны опционды орындау бағасы мен опцион сыйлықақысы мөлшерінде айқындалады;

немесе

2) егер активтерді акционер (қатысушы, құрылтайшы) заңды тұлға таратылған немесе жарғылық капитал азайтылған, сондай-ақ заңды тұлға құрылтайшыдан, қатысушыдан осы заңды тұлғаға қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алған, эмитент – заңды тұлға осы эмитент шығарған акцияларды акционерден сатып алған кезде, мүлікті бөлу нәтижесінде алған жағдайда – акционер, қатысушы, құрылтайшы мүлікті бөлу кезінде, оның ішінде осындай активтің қабылданғанын және берілгенін растайтын және тараптардың қолымен куәландырылған құжатта көрсетілген, бұрын енгізілгеннің орнына алынған мүліктің құны;

немесе

3) бағалы қағаздар осындай кірісті төлеу ретінде алынған жағдайда – салық агентінен алынған бұрын танылған кірістің немесе Қазақстан Республикасының

шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған және дара кәсіпкердің декларациясында немесе кірістер мен мүлік туралы декларацияда көрсетілген кірістің сомасы;

немесе

4) бағалы қағаздар кірісті алуға байланысы болмай туындаған дебиторлық берешекті өтеу есебіне алынған жағдайда – өтеу есебіне бағалы қағаз алынған дебиторлық берешек сомасы;

немесе

5) өтеусіз алынған бағалы қағаздардың құны дара кәсіпкердің салық салынатын кірісіне немесе жеке тұлғаның салық салынатын кірісіне енгізілген жағдайда – бұрын өтеусіз алынған мүлік түріндегі кіріске енгізілген құн;

немесе

6) мұрагерлік, қайырымдылық көмек түрінде алынған бағалы қағаздар өткізілген жағдайда – бағалы қағаздың нарықтық құны.

Бағалы қағаздардың бастапқы құны құжатпен расталуға тиіс. Бағалы қағаздардың бастапқы құнын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, мұндай құн нөлге тең деп танылады.

Бағалы қағаздар бірлігінің бастапқы құны оларды өткізу, жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде уақыт бойынша алғашқы болып түскен бағалы қағаздардың бастапқы құны бойынша айқындалады.

16. Құқықтары немесе мәмілелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттің құзыретті органында тіркелген борыштық бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздардың бастапқы құны нөлге тең.

Эмиссиясы жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген борыштық бағалы қағаздардың бастапқы құны нөлге тең.

17. Осы баптың 15-тармағының ережелері бастапқы құнды айқындау үшін қолданылмайтын жағдайларда бағалы қағаздардың бастапқы құны нөлге тең деп танылады.

18. Осы баптың мақсатында, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған, оған меншік құқығы туындаған күнге өткізілетін (берілетін) бағалы қағаздың нарықтық құны бағалы қағаздардың нарықтық құны болып табылады.

Бұл ретте мұндай нарықтық құнды салық төлеуші осындай мүлік өткізілген (берілген) салықтық кезең үшін кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кешіктірмей айқындауға тиіс.";

31) 332-бапта:

4-тармақтағы ", борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздарды" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1, 5-2, 5-3, 5-4, 5-5, 5-6, 5-7, 5-8 және 5-9-тармақтармен толықтырылсын:

"5-1. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кіріс:

1) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген жеңілдік жасалатын бағалы қағаздардан басқа, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кірістен;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген жеңілдік жасалатын бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кірістен тұрады.

5-2. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздарды өткізуден, оның ішінде борыштық бағалы қағаздарды өтеуден алынатын нәтиже оң немесе теріс мәнге ие болуы мүмкін және салықтық кезеңде шығып қалудың әрбір операциясы бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағазды өткізу, өтеу құны мен оның бастапқы құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.

5-3. Жеңілдік жасалатын бағалы қағаздардан басқа, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздарды өткізудің барлық операциясынан алынатын нәтижелердің жалпы сомасы салықтық кезең үшін:

егер мұндай сома оң мәнге ие болса, құн өсімінен түсетін кіріс;

егер мұндай сома нөлдік немесе теріс мәнге ие болса, нөлге тең деп танылады.

5-4. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген жеңілдік жасалатын бағалы қағаздарды өткізудің барлық операциясынан алынған нәтижелердің жалпы сомасы салықтық кезең үшін:

егер мұндай сома оң мәнге ие болса және осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 5), 6), 8-1), 15) және 16) тармақшаларына сәйкес ескерілсе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген жеңілдік жасалатын бағалы қағаздар құнының өсімінен түсетін кіріс;

егер мұндай сома нөлдік немесе теріс мәнге ие болса, нөлге тең деп танылады.

Осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 5), 6), 8-1), 15) және 16) тармақшаларында, "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 7-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздар жеңілдік жасалатын бағалы қағаздар болып табылады.

5-5. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кіріс бағалы қағаздардың түскен күніне байланысты оларды хронологиялық тәртіппен жүйелі түрде есептен шығару жолымен айқындалады.

5-6. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздардың бастапқы құны мыналар болып табылады:

1) оларды сатып алу құны, Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес брокерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаға бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін комиссиялық сыйақыға арналған шығыстар. Жеке тұлға опцион бойынша сатып алған бағалы қағаздар бойынша сатып алу құны опционды орындау бағасы мен опцион сыйлықақысы мөлшерінде айқындалады;

немесе

2) егер активтерді акционер (қатысушы, құрылтайшы) заңды тұлға таратылған немесе жарғылық капитал азайтылған, сондай-ақ заңды тұлға құрылтайшыдан, қатысушыдан осы заңды тұлғаға қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алған, эмитент – заңды тұлға осы эмитент шығарған акцияларды акционерден сатып алған кезде, мүлікті бөлу нәтижесінде алған жағдайда – акционер, қатысушы, құрылтайшы мүлікті бөлу кезінде, оның ішінде осындай активтің қабылданғанын және берілгенін растайтын және тараптардың қолымен куәландырылған құжатта көрсетілген, бұрын енгізілгеннің орнына алынған мүліктің құны;

немесе

3) бағалы қағаздар осындай кірісті төлеу ретінде алынған жағдайда – салық агентінен алынған бұрын танылған кірістің немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған және дара кәсіпкердің декларациясында немесе кірістер мен мүлік туралы декларацияда көрсетілген кірістің сомасы;

немесе

4) бағалы қағаздар кірісті алуға байланысы болмай туындаған дебиторлық берешекті өтеу есебіне алынған жағдайда – өтеу есебіне бағалы қағаз алынған дебиторлық берешек сомасы;

немесе

5) өтеусіз алынған бағалы қағаздардың құны дара кәсіпкердің салық салынатын кірісіне немесе жеке тұлғаның салық салынатын кірісіне енгізілген жағдайда – бұрын өтеусіз алынған мүлік түріндегі кіріске енгізілген құн;

немесе

6) мұрагерлік, қайырымдылық көмек түрінде алынған бағалы қағаздар өткізілген жағдайда – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздардың нарықтық құны.

Бағалы қағаздардың бастапқы құны құжатпен расталуға тиіс. Бағалы қағаздардың бастапқы құнын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, мұндай құн нөлге тең деп танылады.

Бағалы қағаздар бірлігінің бастапқы құны оларды өткізу кезінде уақыт бойынша алғашқы болып түскен бағалы қағаздардың бастапқы құны бойынша айқындалады.

5-7. Құқықтары немесе мәмілелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттің құзыретті органында тіркелген борыштық бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздардың бастапқы құны нөлге тең.

Эмиссиясы жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген борыштық бағалы қағаздардың бастапқы құны нөлге тең.

5-8. Осы баптың 5-6-тармағының ережелері бастапқы құнды айқындау үшін қолданылмайтын жағдайларда бағалы қағаздардың бастапқы құны нөлге тең деп танылады.

5-9. Осы баптың мақсатында бағалы қағаз тіркелген мемлекеттің заңнамасына сәйкес тәуелсіз бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау нәтижелері туралы есепте немесе өзге құжатта айқындалған, оған меншік құқығы туындаған күнге өткізілетін бағалы қағаздың нарықтық құны Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген, мұрагерлік түрінде алынған өткізілетін осы бағалы қағаздың нарықтық құны болып табылады.

Бұл ретте мұндай нарықтық құнды салық төлеуші осындай мүлік өткізілген салықтық кезең үшін кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кешіктірмей айқындауға тиіс.";

32) мынадай мазмұндағы 332-1-баппен толықтырылсын:

"332-1-бап. Цифрлық активтермен жасалатын операцияларға салық салудың ерекшеліктері

1. Осы бап осы бөлімнің мақсаттарында цифрлық активтермен жасалатын операцияларға салық салудың ерекшеліктерін белгілейді.

2. Цифрлық активті өткізудің, сатып алудың тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активте көрсетілген құны осындай цифрлық активтің құны байланыстырылған валюта айырбастаудың цифрлық активті өткізу немесе сатып алу жасалатын күннің алдындағы соңғы жұмыс күніне айқындалған нарықтық бағамы бойынша теңгеге аударылады.

3. Осы баптың мақсаттарында өткізу немесе сатып алу құнын есептеу кезінде тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активтің бір бірлігі осындай цифрлық активтің құны байланыстырылған шетел валютасының бір бірлігіне теңестіріледі.

4. Тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активті мынадай мүлікке:

цифрлық активке;

құқықтары және (немесе) мәмілелері шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын мүлікке;

шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын мүлікке айырбастау мақсатында беру

тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активті беретін тарап үшін цифрлық активті өткізу болып табылмайды.

5. Тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активті сату мақсатында беру, тіркеп-белгіленген құны бар, өткізілетін қамтамасыз етілмеген цифрлық активті басқа цифрлық активке айырбастау нәтижесінде бұрын сатып алынған жағдайларды қоспағанда, цифрлық активті өткізу болып табылады.

6. Цифрлық актив базалық актив болып табылатын жағдайдағы туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша алынған кіріс осындай мәміле аяқталған кезде алынған цифрлық активтердің құны мен мәміленің жасалу барысында пайдаланылған меншікті цифрлық активтердің құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.

7. Цифрлық активтерді өткізу құны мен сатып алу құны арасындағы оң айырманы айқындау кезінде халықаралық қаржылық есептілік стандарты бойынша уақыт бойынша бірінші келіп түскен есепке алу әдісі пайдаланылады.

8. Осы бапты қолдану мақсатында цифрлық активті тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активке жатқызу өлшемшарттарын және тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің тізбесін уәкілетті органмен келісу бойынша цифрлық активтер саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

9. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, цифрлық активті өткізу құны:

1) шетел валютасына немесе ұлттық валютаға сату мақсатында беру кезінде – тиісті шетел немесе ұлттық валютадағы мәміле мөлшерінде;

2) тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активке айырбастау мақсатында беру кезінде – мәмілеге қатысатын тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активте көрсетілген мөлшерде;

3) осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілгенді қоспағанда, цифрлық активке айырбастау мақсатында беру кезінде – берілетін цифрлық актив құнының осы баптың 12-тармағында көзделген тәртіппен айқындалған мөлшерінде;

4) цифрлық активті қоспағанда, кез келген мүлікке айырбастау мақсатында Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде беру кезінде – берілетін цифрлық актив құнының осы баптың 12-тармағында көзделген тәртіппен айқындалған мөлшерінде;

5) цифрлық активті сыйға тарту, мұрагерлік шарты бойынша беру кезінде – нөлдік мөлшерде;

6) цифрлық активтерді өткізу құны болмаған кезде – берілетін цифрлық актив құнының осы баптың 12-тармағында көзделген тәртіппен айқындалған мөлшерінде айқындалады.

10. Егер осы баптың 11-тармағында өзгеше көзделмесе, цифрлық активті сатып алу құны:

1) шетел валютасына немесе ұлттық валютаға сатып алу кезінде – тиісті шетел немесе ұлттық валютадағы мәміле мөлшерінде;

2) тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активке айырбастау кезінде – мәмілеге қатысатын, тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активте көрсетілген мөлшерде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілгенді қоспағанда, цифрлық активке айырбастау үшін сатып алу кезінде – сатып алынған цифрлық актив құнының осы баптың 12-тармағында көзделген тәртіппен айқындалған мөлшерінде;

4) цифрлық активті қоспағанда, кез келген мүлікке айырбастау үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде сатып алу кезінде – сатып алынған цифрлық актив құнының осы баптың 12-тармағында көзделген тәртіппен айқындалған мөлшерінде;

5) цифрлық активті өтеусіз алу кезінде – нөлдік мөлшерде;

6) цифрлық активті цифрлық активтер биржасынан алу кезінде – осы баптың 12-тармағында көзделген тәртіппен айқындалған, цифрлық активті алу күніне тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активте көрсетілген мөлшерде;

7) блокчейндегі келісімшартпен өзара іс-қимыл нәтижесінде цифрлық активті алу кезінде – нөлдік мөлшерде айқындалады.

11. Жеңілдікті салық салынатын мемлекеттегі көздерден алынған цифрлық активтердің бастапқы құны нөлге тең. Жеңілдікті салық салынатын мемлекеттердің тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

12. Цифрлық активтердің құнын айқындау мақсатында осы баптың 9-тармағының 3), 4) және 6) тармақшаларында және 10-тармағының 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда цифрлық активтер саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған интернет-ресурста орналастырылған ақпарат пайдаланылады.

Цифрлық активтердің құны көрсетілген интернет-ресурста цифрлық активтерді өткізу немесе сатып алу күнінің алдындағы тәуліктегі орташа өлшемді баға ретінде айқындалады.

Цифрлық активті өткізу жүргізілген күнге интернет-ресурста ақпарат болмаған жағдайда, цифрлық активтердің цифрлық активті өткізу жүргізілген күннің алдындағы, осындай цифрлық активпен сауда-саттық өткізілген соңғы күні айқындалған құны қолданылады.";

33) 333-бапта:

1-тармақта:

8) тармақшадағы "бағалы қағаздар," деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) бағалы қағаздар.";

9-тармақтың 1) тармақшасындағы ". Бұл ретте жеке тұлға опцион бойынша сатып алған бағалы қағаздарды жарғылық капиталға салу кезінде сатып алу құны опционды орындау бағасы мен опционның сыйлықақысы мөлшерінде айқындалады" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-тармақтармен толықтырылсын:

"11. Бағалы қағаздарды жарғылық капиталына салым ретінде беру кезіндегі құн өсімінен түсетін кіріс:

1) жеңілдік жасалатын бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздарды жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде құн өсімінен түсетін кірістен;

2) жеңілдік жасалатын бағалы қағаздарды жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде құн өсімінен түсетін кірістен тұрады.

12. Бағалы қағаздарды заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беруден алынатын нәтиже оң немесе теріс мәнге ие болуы мүмкін және салықтық кезеңдегі шығып қалудың әрбір операциясы бойынша бағалы қағаздың жарғылық капиталға салым ретінде берілген құны мен оның бастапқы құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.

13. Жеңілдік жасалатын бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздарды жарғылық капиталға салым ретінде берудің барлық операциясынан алынған нәтижелердің жалпы сомасы салықтық кезең үшін:

егер мұндай сома оң мәнге ие болса, құн өсімінен түсетін кіріс;

егер мұндай сома нөлдік немесе теріс мәнге ие болса, нөлге тең деп танылады.

14. Жеңілдік жасалатын бағалы қағаздарды жарғылық капиталға салым ретінде берудің барлық операциясынан алынатын нәтижелердің жалпы сомасы салықтық кезең үшін:

егер мұндай сома оң мәнге ие болса және осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 5), 6), 8-1), 15) және 16) тармақшаларына сәйкес ескерілсе, жеңілдік жасалатын бағалы қағаздар құнының өсімінен түсетін кіріс;

егер мұндай сома нөлдік немесе теріс мәнге ие болса, нөлге тең деп танылады.

Осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 5), 6), 8-1), 15) және 16) тармақшаларында, "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 6-бабы 7-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздар жеңілдік жасалатын бағалы қағаздар болып табылады.

15. Бағалы қағаздарды жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде құн өсімінен түсетін кіріс бағалы қағаздардың түскен күніне байланысты оларды хронологиялық тәртіппен жүйелі түрде есептен шығару жолымен айқындалады.

16. Бағалы қағаздардың бастапқы құны мыналар болып табылады:

1) оларды сатып алу құны, Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес брокерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаға бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін комиссиялық сыйақыға арналған шығыстар. Жеке тұлға опцион бойынша сатып алған бағалы қағаздар бойынша сатып алу құны опционды орындау бағасы мен опцион сыйлықақысы мөлшерінде айқындалады;

немесе

2) егер активтерді акционер (қатысушы, құрылтайшы) заңды тұлға таратылған немесе жарғылық капитал азайтылған, сондай-ақ заңды тұлға құрылтайшыдан, қатысушыдан осы заңды тұлғаға қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алған, эмитент – заңды тұлға осы эмитент шығарған акцияларды акционерден сатып алған кезде, мүлікті бөлу нәтижесінде алған жағдайда – акционер, қатысушы, құрылтайшы мүлікті бөлу кезінде, оның ішінде осындай активтің қабылданғанын және берілгенін растайтын және тараптардың қолымен куәландырылған құжатта көрсетілген, бұрын енгізілгеннің орнына алынған мүліктің құны;

немесе

3) бағалы қағаздар осындай кірісті төлеу ретінде алынған жағдайда – салық агентінен алынған бұрын танылған кірістің немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған және дара кәсіпкердің декларациясында немесе кірістер мен мүлік туралы декларацияда көрсетілген кірістің сомасы;

немесе

4) бағалы қағаздар кірісті алуға байланысы болмай туындаған дебиторлық берешекті өтеу есебіне алынған жағдайда – өтеу есебіне бағалы қағаз алынған дебиторлық берешек сомасы;

немесе

5) өтеусіз алынған бағалы қағаздардың құны дара кәсіпкердің салық салынатын кірісіне немесе жеке тұлғаның салық салынатын кірісіне енгізілген жағдайда – бұрын өтеусіз алынған мүлік түріндегі кіріске енгізілген құн;

немесе

6) мұрагерлік, қайырымдылық көмек түрінде алынған бағалы қағаздар берілген жағдайда – бағалы қағаздың нарықтық құны.

Бағалы қағаздардың бастапқы құны құжатпен расталуға тиіс. Бағалы қағаздардың бастапқы құнын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, мұндай құн нөлге тең деп танылады.

Бағалы қағаздар бірлігінің бастапқы құны оларды өткізу, жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде уақыт бойынша алғашқы болып түскен бағалы қағаздардың бастапқы құны бойынша айқындалады.

17. Құқықтары немесе мәмілелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттің құзыретті органында тіркелген борыштық бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздардың бастапқы құны нөлге тең.

Эмиссиясы жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген борыштық бағалы қағаздардың бастапқы құны нөлге тең.

18. Осы баптың 16-тармағының ережелері бастапқы құнды айқындау үшін қолданылмайтын жағдайларда бағалы қағаздардың бастапқы құны нөлге тең деп танылады.

19. Осы баптың мақсатында, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған, оған меншік құқығы туындаған күнге берілетін бағалы қағаздың нарықтық құны нарықтық құн болып табылады.

Бағалы қағаз тіркелген мемлекеттің заңнамасына сәйкес тәуелсіз бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау нәтижелері туралы есепте немесе өзге құжатта айқындалған, оған меншік құқығы туындаған күнге берілетін бағалы қағаздың нарықтық құны Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген, мұрагерлік түрінде алынған берілетін осы бағалы қағаздың нарықтық құны болып табылады.

Бұл ретте мұндай нарықтық құнды салық төлеуші осындай мүлік берілген салықтық кезең үшін кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кешіктірмей айқындауға тиіс.";

34) 336 және 337-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"336-бап. Жеке практикамен айналысатын адамның кірісі

1. Жеке практикамен айналысатын адамның кірісіне мыналар жатады:

- 1) жеке нотариустың кірісі;
- 2) жеке сот орындаушысының кірісі;
- 3) адвокаттың кірісі;
- 4) кәсіби медиатордың кірісі.

2. Заң көмегін көрсеткені, нотариаттық әрекеттерді жасағаны үшін тиісінше ақы төлеуді, сондай-ақ қорғау мен өкілдік етуге байланысты алынған шығыстарды өтеу сомаларын қоса алғанда, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметті, нотариаттық, адвокаттық қызметті, кәсіби медиатор қызметін жүзеге асырудан алынған кірістердің барлық түрі жеке практикамен айналысатын адамдардың кірісі болып табылады.

3. Жеке практикамен айналысатын адамдардың кірістері бойынша жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 320-бабының 1-тармағында белгіленген

мөлшерлемені жеке практикамен айналысатын адамның салық салынатын кірісінің сомасына қолдану арқылы әр айдың қорытындысы бойынша бір айда алынған кірістері бойынша есептеледі.

4. Есептелген салық сомасы кірістер бойынша салық есептелген айдан кейінгі айдың 5-інен кешіктірілмей ай сайын төленуге жатады.

337-бап. Дара кәсіпкердің кірісі

1. Жалпыға бірдей белгіленген режимді қолданатын дара кәсіпкердің кірісі осы Кодекстің 366-бабына сәйкес айқындалады.

2. Арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің кірісі, егер осы Кодекстің 20-бөлімінде өзгеше тәртіп белгіленбесе, осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалады.
";

35) 339-баптың екінші бөлігінің 4) тармақшасындағы "359-бабының" деген сөздер "638-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 341-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 14-1) және 39-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 282 еселенген мөлшері шегінде бір жыл ішінде – жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын әрбір адамның жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін кірісі.

Бұл ретте жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын адам агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымға, ауыл шаруашылығы кооперативіне және (немесе) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлғаға жеке қосалқы шаруашылықтан алған мынадай ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден түсетін кіріс жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін кіріс деп танылады:

сауынды табынның тірі ірі қара малы;

тірі ірі қара мал;

тірі жылқы және өзге жылқы тұқымдас жануарлар;

тірі түйе және түйе тектілер;

тірі қой мен ешкі;

тірі шошқа;

тірі үй құстары;

тауықтың шағылмаған жаңа жұмыртқасы;

ірі қара малдың, шошқаның, қойдың, ешкінің, жылқының және жылқы тұқымдас жануарлардың жас немесе тоңазытылған еті;

сауынды табын ірі қара малының шикі сүті;

үй құстарының жас немесе тоңазытылған еті;

картоп;

сәбіз;

қырыққабат;

баялды;
қызанақ;
қияр;
сарымсақ;
пияз;
қант қызылшасы;
алма;
алмұрт;
айва;
өрік;
шие;
шабдалы;
қара өрік;

ірі қара малдың, жылқы тұқымдас жануарлардың, қойдың, ешкінің түтілген жүні, терілері, иленбеген былғарысы.

Осы тармақшаны қолдану мақсатында өнім түрлерін айқындау техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекіткен экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыныптаушына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақшаның ережелерін бір ғана салық агенті – агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйым, ауыл шаруашылығы кооперативі және (немесе) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлға агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымға, ауыл шаруашылығы кооперативіне және (немесе) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлғаға мынадай құжаттарды:

жергілікті атқарушы органның жеке қосалқы шаруашылықта пайдаланылатын:

алаңын көрсетіп, жер учаскесінің;

санын көрсетіп, үй жануарларының;

санын көрсетіп, үй құстарының бар екенін растауын;

салық салуға жататын кірістерге түзету қолдануға арналған өтінішті ұсынған жеке тұлғаға қатысты қолданады.

Бұл ретте құжаттар салық агентіне осындай түзету қолданылған күнтізбелік жылда кемінде бір рет ұсынылады;"

"39-1) он алты жасқа толмаған балаларға арналған балалар лагерьлеріне жолдамалардың құны;"

37) 342-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшадағы "міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы

заңнамасында белгіленген мөлшерде – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде – нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістерден ұсталатын әлеуметтік аударымдар бойынша салықтық шегерім.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Кодекстің 346-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген ерікті зейнетақы жарналары және стандартты шегерім түріндегі салықтық шегерімдер салықтық шегерімдерді қолдану құқығын растайтын құжаттар негізінде қолданылады. Мұндай құжаттардың түпнұсқалары осы Кодекстің 48-бабының 2-тармағында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде жеке тұлғада сақталады.";

38) 343-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар" деген сөздер ", міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналар және нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістерден ұсталатын әлеуметтік аударымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшадағы "растайтын" деген сөз "өзге салықтық шегерімдерден басқа, растайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Салық агентінде күнтізбелік ай үшін жұмыскердің кірісі және тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін кіріс түріндегі бір жеке тұлғаға кірістерді төлеу бойынша міндеттемелер болған кезде стандартты шегерім күнтізбелік ай үшін стандартты шегерімнің жалпы сомасы шегінде мынадай реттілікпен:

1) жұмыскердің кірісіне – осындай кіріс сомасы шегінде;

2) салық агентіне тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түсетін кіріске – стандартты шегерімнің қалған мөлшерінде қолданылады.";

39) мынадай мазмұндағы 345-1 және 345-2-баптармен толықтырылсын:

"345-1-бап. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналар бойынша салықтық шегерім

1. Салық агентінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналар бойынша салықтық шегерім "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген міндетті әлеуметтік

медициналық сақтандыруға арналған жарналардың сомасына, оларды есептеу күніне сай келетін салықтық кезеңде қолданылады.

2. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналар бойынша салықтық шегерімді жеке тұлға "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналар сомасына мынадай күндердің неғұрлым кешірек болатын күні:

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналарды есептеу күні;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналарды төлеу күні сай келетін салықтық кезеңде, осындай жарналардың төленгенін растайтын құжаттың негізінде өз бетінше қолданады.

345-2-бап. Нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістерден ұсталатын әлеуметтік аударымдар бойынша салықтық шегерім

Нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша ұсталатын әлеуметтік аударымдар бойынша салықтық шегерім салық агентінде нысанасы Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес есептелген, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша ұсталатын әлеуметтік аударымдар сомасына, оларды есептеу күніне сай келетін салықтық кезеңде қолданылады.";

40) 347-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көп балалы отбасы ата-анасының біріне – әрбір ай үшін айлық есептік көрсеткіштің 23,5 еселенген мөлшерінде;

2) көп балалы отбасы ата-анасының әрқайсысына әрбір ай үшін айлық есептік көрсеткіштің 11,75 еселенген мөлшерінде қолданылады.";

41) 349-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында:

"асырауындағы" деген сөз алып тасталсын;

"толмаған" деген сөзден кейін ", өзі өкілдік ететін" деген сөздермен толықтырылсын;

42) 350-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "асырауындағы" деген сөз алып тасталып, "толмаған" деген сөзден кейін ", өзі өкілдік ететін" деген сөздермен толықтырылсын;

43) 356-бапта:

1-тармақта:

сегізінші абзацтағы "345-бабында" деген сөздер "345-1-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-3 және 1-4-тармақтармен толықтырылсын:

"1-3. Зейнетақы төлемдері түріндегі салық салынатын кіріс сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан:

салық салынуға жататын зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс сомасы
алу

жеке табыс салығы бойынша түзетудің осы Кодекстің 341-бабының 1-тармағында көзделген сомасы,

алу

осы Кодекстің 345-бабының 1-тармағында және 346-бабы 1-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген тәртіппен және мөлшерде салықтық шегерімдер сомасы;

2) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан салық салынуға жататын зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс мөлшерінде айқындалады.

1-4. Салық агентіне тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түсетін жеке тұлғаның төлем көзінен салық салынатын кірісінің сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

төлем көзінен салық салынуға жататын кірістердің салықтық кезең үшін есепке жазылған сомасы,

алу

ағымдағы салықтық кезеңдегі кірісті түзетудің осы Кодекстің 341-бабының 1-тармағында көзделген сомасы,

алу

Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген мөлшердегі міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салықтық шегерімдер сомасы,

алу

осы Кодекстің 345-1-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналар бойынша салықтық шегерімдер сомасы,

алу

осы Кодекстің 345-2-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша ұсталатын әлеуметтік аударымдар түріндегі салықтық шегерімдер сомасы, алу осы Кодекстің 343-бабы 3-тармағының ережелерін ескере отырып, осы Кодекстің 346-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде стандартты шегерімдер сомасы.";

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке тұлға өзге шегерімдердің алдын ала сомасын айлық есептік көрсеткіштің 282 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде күнтізбелік жылдағы өзге шегерімдердің жоспарланған сомасы ретінде айқындайды. Жеке тұлға салық агентінде

өзге шегерімдердің алдын ала сомасын әрбір күнтізбелік ай үшін айлық есептік көрсеткіштің 23,5 еселенген мөлшерінде не күнтізбелік жыл шегінде салықтық шегерімдердің асып кеткен сомасын кейіннен келесі айларға ауыстыра отырып, күнтізбелік ай үшін айлық есептік көрсеткіштің 282 еселенген мөлшерінде қолдану сомасын өз бетінше айқындауға құқылы. Жеке тұлға мұндай соманы салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтініште көрсетеді және оны салық агентіне ұсынады.";

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жұмыскердің кірісінен және тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түсетін кірістен басқа, жеке тұлғаның төлем көзінен салық салынатын кірісінің сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:";

сегізінші абзацтағы "345" деген цифрлар "345-1" деген цифрлармен ауыстырылсын;

оныншы абзацтағы "346-бабында" деген сөздер "346-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 359-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"359-бап. Салық агентінің жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманы беру тәртібі

1. Күнтізбелік жыл ішінде жеке тұлғаға төлем көзінен салық салуға жататын кіріс есепке жазылған және (немесе) төленген жағдайларда, жеке тұлғаның талабы бойынша салық агенті жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманы жеке тұлға жүгінген күннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде беруге міндетті.

2. Жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтамада:

1) төлем көзінен салық салуға жататын кірістің;

2) кірісті түзетудің;

3) мынадай:

міндетті зейнетақы жарналары;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналар;

стандартты салықтық шегерімдер;

азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша ұсталатын әлеуметтік аударымдар бойынша салықтық шегерім;

басқа салықтық шегерімдердің алдын ала сомасы түрінде қолданылған салықтық шегерімдердің;

4) жеке тұлғаның салық салынатын кірісінің;

5) есептелген жеке табыс салығының;

6) төленген кірістің сомалары туралы ақпарат қамтылуға тиіс.";

45) 360-баптың 2-тармағындағы "кірісті төлеу (алу) күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық" деген сөздер "орташа есеппен кіріс алынған күнтізбелік жыл үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюта айырбастаудың ресми" деген сөздермен ауыстырылсын;

46) 361-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілген қызметтердің актісі болмаған жағдайда, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын басқа құжатта көрсетілген қызметтер көрсету күні,";

3) тармақша алып тасталсын;

47) 388-бап "қызметтерін берушілер", "қызметтерін берушілерге", "қызметтерін берушілердің", "қызметтерін берушінің", "қызметтерін беруші" деген сөздерден кейін тиісінше "мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізушілер", "мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізушілерге", "мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізушілердің", "мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізушінің", "мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізуші" деген сөздермен толықтырылсын;

48) 394-баптың бірінші бөлігінің 9) тармақшасы "бірлестігінің" деген сөзден кейін ", пәтерлер (тұрғын емес үй-жайлар) меншік иелері кооперативінің" деген сөздермен толықтырылсын;

49) 397-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру жүйесі шеңберінде жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қоры жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру.";

50) 48-тарау мынадай мазмұндағы 428-1 және 428-2-баптармен толықтырылсын:

"428-1-бап. Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу

1. Ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын мынадай тауарлар:

1) жабдық;

2) ауыл шаруашылығы техникасы;

3) автомобиль көлігінің жылжымалы жүк құрамы;

4) тікұшақтар мен ұшақтар;

5) теміржол локомотивтері мен вагондар;

6) теңіз кемелері;

7) қосалқы бөлшектер;

8) пестицидтер;

9) асыл тұқымды мал және қолдан ұрықтандыруға арналған жабдық;

10) тірі ірі қара мал бойынша осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қосылған құн салығын төлеушілер қосылған құн салығын осы бапта айқындалған тәртіппен есепке жатқызу әдісімен төлейді.

Көрсетілген тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру тәртібін салық саясаты саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Осы тізбеге Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін тауарлар енгізіледі.

Осы тізбеге Қазақстан Республикасының қажеттіліктерін жаппайтын, осы тармақтың бірінші бөлігінің 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген тауарлар енгізіледі.

2. Осы баптың қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу бөлігіндегі ережелері осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қосылған құн салығын төлеуші әкелетін:

1) одан әрі өткізуге арналмаған;

2) халықаралық қаржы лизингіне беруді қоспағанда, қаржы лизингіне беру мақсатындағы;

3) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көрсетілген, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша белгілеген тізбеге енгізілген, ауыл шаруашылығы техникасы өндірісінде пайдаланылатын тауарларға қатысты қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару белгіленген тәртіппен акцизделетін тауарлар бойынша кедендік төлемдер мен акциздер төленген жағдайда қосылған құн салығын іс жүзінде төлемей жүргізіледі.

4. Есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен қосылған құн салығы бойынша декларацияда бір мезгілде есепке жазуда және есепке жатқызуда көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының аумағына ішкі тұтыну үшін тауарлар шығарылған күннен бастап бес жыл ішінде осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, импортталатын тауарларға қосылған құн салығы импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есептеле отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде төленуге жатады.

Бұл ретте:

1) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген малды мәжбүрліктен сою нәтижесінде алынған ет пен ет өнімін өткізу немесе осындай жануарлардың табиғи кему нормалары шегінде кемуі (қырылуы) осы бапта белгіленген талаптарды бұзушылық болып табылмайды.

Малды мәжбүрліктен сою тәртібі мен табиғи кему нормаларын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітеді;

2) бұрын әкелінген тауарларды кері экспорттаудың кедендік рәсіміне сәйкес әкету;

3) тауарлар шығарылғаннан кейін қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару;

4) көрсетілген тауарды қалпына келтіру мүмкін емес екенін растайтын құжат болған кезде авария, апат және (немесе) ақау салдарынан тауардың шығуы (есептен шығарылуы) осы бапта белгіленген талаптарды бұзушылық болып табылмайды.

5. Импортталатын тауарларға қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына ішкі тұтыну үшін шығарылған күннен бастап бес жыл өткен соң өткізу импортталатын тауарларға қосылған құн салығын салуға жатпайды.

Осы тармақтың ережелері импорттау кезіндегі қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген, өз өндірістік мұқтаждықтары үшін 2008 жылғы 31 желтоқсанды қоса алған аралықта әкелінген тауарларды 2008 жылғы 31 желтоқсаннан кейін өткізу кезінде де қолданылады.

6. Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген, осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды өткізу бойынша айналымдар қаржы лизингіне берілген кезде қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тармақтың ережелері қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген, өз өндірістік мұқтаждықтары үшін 2008 жылғы 31 желтоқсанды қоса алған аралықта әкелінген тауарларды 2008 жылғы 31 желтоқсаннан кейін қаржы лизингіне беру кезінде де қолданылады.

428-2-бап. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу

1. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын мынадай тауарлар:

- 1) жабдық;
- 2) ауыл шаруашылығы техникасы;
- 3) автомобиль көлігінің жылжымалы жүк құрамы;
- 4) тікұшақтар мен ұшақтар;
- 5) теміржол локомотивтері мен вагондар;
- 6) теңіз кемелері;
- 7) қосалқы бөлшектер;
- 8) пестицидтер;
- 9) асыл тұқымды мал және қолдан ұрықтандыруға арналған жабдық;

10) тірі ірі қара мал бойынша осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қосылған құн салығын төлеушілер қосылған құн салығын осы бапта айқындалған тәртіппен есепке жатқызу әдісімен төлейді.

Көрсетілген тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру тәртібін салық саясаты саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Осы тізбеге Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін тауарлар енгізіледі.

Осы тізбеге Қазақстан Республикасының қажеттіліктерін жаппайтын, осы тармақтың бірінші бөлігінің 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген тауарлар енгізіледі.

2. Осы баптың қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу бөлігіндегі ережелері осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қосылған құн салығын төлеуші әкелетін:

1) одан әрі өткізуге арналмаған;

2) халықаралық қаржы лизингіне беруді қоспағанда, қаржы лизингіне беру мақсатындағы;

3) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көрсетілген, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша белгілеген тізбеге енгізілген, ауыл шаруашылығы техникасы өндірісінде пайдаланылатын тауарларға қатысты қолданылады.

3. Осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қосылған құн салығын төлеуші тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен бір мезгілде салық органына:

1) осы Кодекстің 456-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарды;

2) тауарды Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының нақты тауар кіші субпозициясына жатқызуға мүмкіндік беретін, тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамалары жазылған құжаттарды ұсынады. Қажет болған кезде бұйымдардың фотосуреттері, суреттері, сызбалары, паспорттары, тауарлардың сынамалары, үлгілері және басқа да құжаттар ұсынылады.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды әкелу акцизделетін тауарлар бойынша акциздер белгіленген тәртіппен төленген жағдайда қосылған құн салығы іс жүзінде төленбей жүргізіледі.

5. Есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен қосылған құн салығы бойынша декларацияда бір мезгілде есепке жазу мен есепке жатқызуда көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар әкелінген күннен бастап бес жыл ішінде осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, әкелінетін тауарларға қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде тауарларды әкелу кезіндегі қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есепке жазылып төленуге жатады.

Бұл ретте:

1) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген малды мәжбүрліктен сою нәтижесінде алынған ет пен ет өнімін өткізу

немесе осындай жануарлардың табиғи кему нормалары шегінде кемуі (қырылуы) осы бапта белгіленген талаптарды бұзушылық болып табылмайды.

Малды мәжбүрліктен сою тәртібі мен табиғи кему нормаларын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітеді;

2) осы Кодекстің 442-бабына сәйкес айқындалған импортталған тауарлар есепке қабылданған күннен кейін қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару;

3) көрсетілген тауарды қалпына келтіру мүмкін емес екенін растайтын құжат болған кезде авария, апат және (немесе) ақау салдарынан тауардың шығуы (есептен шығарылуы) осы бапта белгіленген талаптарды бұзушылық болып табылмайды.

6. Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген, осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды өткізу бойынша айналымдар қаржы лизингіне беру кезінде қосылған құн салығынан босатылады.

7. Осы баптың ережелері лизинг шартында көзделген лизингтік төлем сомасына сай келетін қосылған құн салығының сомасы бөлігінде сыйақы есептелмей, лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларға да қолданылады.";

51) 461-баптың 1-тармағында:

1) тармақшадағы "Қазақстан" деген сөз "осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген, өндірілуі, жиналуы (жинақталуы) еркін қойма аумағында жүзеге асырылатын тауарларды қоспағанда, Қазақстан" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшадағы "осы" деген сөз "жиналуын (жинақталуын) еркін қойма аумағында жүзеге асыруды қоспағанда, осы" деген сөздермен ауыстырылсын;

52) 464-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацындағы "акцизделетін" деген сөз "осы Кодекстің 527-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген, өндірілуі, жиналуы (жинақталуы) еркін қойма аумағында жүзеге асырылатын тауарларды қоспағанда, акцизделетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 484-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы "50)" деген цифрлар "53)" деген цифрлармен ауыстырылсын;

54) 553-баптың 2-тармағы кестесінің 2-жолының 2-бағанындағы "және көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестіктерін" деген сөздер ", көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестіктерін және пәтерлер (тұрғын емес үй-жайлар) меншік иелерінің кооперативін" деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 580-бапта:

3-тармақтың 3) тармақшасындағы "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "уәкілетті мемлекеттік орган мен" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган, балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган мен" деген сөздермен ауыстырылсын;

56) 585-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мыналар:

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес өз меншігіндегі немесе ұзақ мерзімді жер пайдаланудағы жеке орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыратын орман иеленушілер орман өсіру үшін нысаналы мақсатты орман пайдалану құқығын алған кезде;

мемлекеттік орман иеленушілер және Қазақстан Республикасының Орман кодексінде айқындалған тәртіппен орман пайдалану құқығын алған, аралық пайдалану үшін ағаш кесуді және өрт болып өткен учаскелерде, егер мұндай өрттердің ауданы бір жүзден астам гектарды құраса, өзге де ағаш кесуді жүзеге асыратын адамдар төлемақы төлеушілер болып табылмайды.";

57) 586-баптың бірінші абзацында:

1) тармақша "реттеу кезінде" деген сөзден кейін ", сондай-ақ аралық пайдалану үшін ағаш кесуді және өрт болып өткен учаскелерде, егер мұндай өрттердің ауданы бір жүзден астам гектарды құраса, өзге де ағаш кесуді жүргізу кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "көлемін қоспағанда, мыналар:" деген сөздер "көлемін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) аралық пайдалану үшін ағаш кесуді және өрт болып өткен учаскелерде, егер мұндай өрттердің ауданы бір жүзден астам гектарды құраса, өзге де ағаш кесуді жүргізу кезінде орман иеленушілер түбірімен босататын ағаш-бұта тұқымдастарының көлемін қоспағанда, мыналар:";

58) 595-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 16-жолмен толықтырылсын:

"

116.	5G ұялы байланысы/ИМТ (қабылдауға ені 5 МГц/ беруге 5 МГц жиіліктер белдеуі үшін)	облыс, республикалық маңызы бар қала және астана	1150
------	---	--	------

";

59) 609-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті тұлғалардың "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген нотариаттық әрекеттер жасағаны үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені үшін;"

60) 616-баптың бірінші бөлігінің 13) тармақшасындағы "талапкерлер – Ұлы Отан" деген сөздер "Ұлы Отан" деген сөздермен ауыстырылсын;

61) 630-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны мынадай жеке тұлғалар ұсынуға міндетті:

1) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы" және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет жүктелген адамдар;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде меншік (талап) құқығында мынадай мүлік:

құқықтары және (немесе) мәмілелері шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын мүлік;

шетелдік банктердегі банктік шоттардағы барлық банктік салымдар бойынша жиынтығында айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын сомадағы ақша;

инвестициялық алтын;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі;

тұрғын үй құрылысына қатысу үлесі;

эмитенттері Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген бағалы қағаздар базалық активі болып табылатын туынды бағалы қағаздарды қоспағанда, эмитенттері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздар;

шетелдік брокерлік шоттардағы ақша;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері;

осы Кодекстің 631-бабының 5-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешек);

осы Кодекстің 631-бабының 4-тармағында көрсетілген өзге де мүлік болған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының резиденттері;

3) цифрлық активтері болған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының резиденттері;

4) жеке практикамен айналысатын адамдар.

Осы тармақтың 2) – 4) тармақшаларының ережелері 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынған тұлғаларға қолданылмайды .";

4 және 5-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-2-тармақпен толықтырылсын:

"5-2. Жеке тұлға осы Кодекстің 632-бабында белгіленген мерзімде активтер мен міндеттемелер туралы бастапқы декларацияны ұсынбаған кезде салық органдары салықтық әкімшілендіруді жүргізу кезінде декларацияны ұсыну міндеттемесі немесе құқығы туындаған жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша уәкілетті органдардан, үшінші тұлғалардан, екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған мүлік (активтер) және міндеттемелер туралы мәліметтерді пайдаланады.

Уәкілетті орган жеке тұлғаның веб-қосымшасында жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде:

мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлік, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлік;

есепті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктік шоттардағы ақша қалдықтары;

есепті күнтізбелік жылда алынған кірістер бойынша мәліметтерді орналастырады.";

6-тармақтың 2) тармақшасындағы "жеке тұлға активтер мен міндеттемелер туралы бастапқы декларацияны тапсырғаннан кейін" деген сөздер ", егер мұндай жеке тұлға активтер мен міндеттемелер туралы бастапқы декларацияны ұсынса," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Осы тараудың мақсаттары үшін айлық есептік көрсеткіш деп республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және жеке тұлғаның активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынатын жылдың алдындағы есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш түсініледі.";

62) 631-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "630-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында" деген сөздер "630-бабының 2-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"эмитенттері Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген бағалы қағаздар базалық активі болып табылатын туынды бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар, цифрлық активтер,";

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"шетелдік брокерлік шоттардағы ақша,";

сегізінші абзацтағы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берешекті қоспағанда, міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын,

нотариат куәландырған (айғақтаған) шарт немесе өзге де құжат болған кезде" деген сөздер "осы баптың 5-тармағында көрсетілген," деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жеке тұлға активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына не шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған, есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанында құны болған кезде құны бір бірлігі үшін айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын басқа мүлікті көрсетуге құқылы.

Бұл ретте бағалау құны осы Кодекстің 632-бабында белгіленген декларацияны ұсыну мерзімінен кешіктірілмей айқындалуға тиіс.

Осы тармақтың ережесі мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлікке, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлікке қатысты қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда декларация жасалған күнге:

1) жеке тұлғамен жасалған міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын нотариат куәландырған шарт (мәміле, келісім) болған кезде – жеке тұлғалар арасында түзілген басқа тұлғалардың жеке тұлғаға берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғаларға берешегі (кредиторлық берешек) көрсетіледі.

Осы тармақшада көрсетілген берешекті декларацияны ұсынудың осы Кодекстің 632-бабында белгіленген мерзімінен кешіктірілмейтін мерзімде нотариат куәландыруға тиіс;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, микроқаржы ұйымдарына берешекті қоспағанда, салыстырып тексеру актісі және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт болған кезде – жеке тұлға мен заңды тұлға және (немесе) дара кәсіпкер, оның ішінде бейрезидент болып табылатын дара кәсіпкер арасында түзілген;

3) соттың заңды күшіне енген шешімімен расталған басқа тұлғалардың жеке тұлғаға берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғаларға берешегі (кредиторлық берешек) көрсетіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынған кезде міндетті түрде қоса берілуге жатады.

Қоса берілген құжаттармен расталмаған берешек нөлге тең деп есептеледі.

Бұл ретте активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда берілген лицензия негізінде әрекет ететін "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушының

қарыздық краудфандингтік платформасы пайдаланыла отырып жасалған шарт болған кезде дебиторлық және (немесе) кредиторлық берешек көрсетілмейді.";

63) 632-бап мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну мерзімі жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет өткеру орнына кету туралы бұйрық шығарылған күннен бастап мерзімді қызмет өткеру кезеңіне ұзарту туралы хабарлама салық органына жіберілмей ұзартылады.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметші мәртебесін жоғалтқан кезде әскери қызметшіні әскери бөлімнің жеке құрамының тізімдерінен шығару туралы бұйрықтың негізінде жеке тұлға ұсыну мерзімі ұзартылған жеке тұлғаның декларациясын әскери бөлімнің тізімдерінен шығару туралы бұйрық шығарылған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей ұсынады.";

64) 633-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматтары, резидент – жеке тұлғалар кірістер мен мүлік туралы декларацияны есепті салықтық кезең ішінде мынадай талаптардың біріне сәйкес келген кезде ұсынады:

1) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет жүктелген адамдар;

2) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес инвестициялық портфельді басқаратын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары, сондай-ақ олардың резидент ерлі-зайыптылар;

3) коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшыларын (қатысушыларын) қоспағанда, жарғылық капиталындағы үлестің (акционерлік қоғам акцияларының) 10 пайыздан астамын иеленетін заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары), сондай-ақ олардың резидент ерлі-зайыптылар;

4) жеке практикамен айналысатын адамдар;

5) кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістерді қоспағанда, есепті салықтық кезеңде жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын кірісті алған тұлғалар;

6) есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктердің банк шоттарында жиынтығында айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын сомада ақшасы бар тұлғалар;

7) есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша құқықтары және (немесе) мәмілелері шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлкі бар тұлғалар;

8) есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша меншігінде цифрлық активтері бар тұлғалар;

9) Қазақстан Республикасында және (немесе) оның шегінен тыс жерлерде есепті салықтық кезең ішінде құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 20 000 еселенген мөлшерінен асатын мүлікті:

мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлікті;

мемлекеттік тіркеуге жататын механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді;

заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін;

бағалы қағаздарды;

туынды қаржы құралдарын (орындалуы базалық активті сатып алу немесе өткізу жолымен жүргізілетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда);

тұрғын үй құрылысына қатысу үлесін;

инвестициялық алтынды сатып алған тұлғалар;

10) салық агентіне өзге шегерімдердің алдын ала сомасы түрінде салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтініш ұсынған тұлғалар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 6) – 8) тармақшаларының ережелері ағымдағы есепті кезеңде бір мезгілде осы Кодекстің 630-бабына сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған тұлғаларға қолданылмайды.";

3 және 4-тармақтар алып тасталсын;

65) 634-бапта:

2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде осы Кодекстің 634-бабының 6-тармағында көрсетілген, басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешегі) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешегі) туралы ақпаратты жеке тұлғалардың көрсетуіне арналады.";

4-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке тұлғалардың декларацияларын тапсыру міндеті жүктелген" деген сөздер "Осы Кодекстің 633-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) – 3) және 9) тармақшаларында көрсетілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Кірістер мен мүлік туралы декларацияда декларация жасалған күнге:

1) жеке тұлғамен жасалған міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын нотариат куәландырған шарт (мәміле, келісім) болған кезде – жеке тұлғалар арасында түзілген басқа тұлғалардың жеке тұлғаға берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғаларға берешегі (кредиторлық берешек) көрсетіледі.

Осы тармақшада көрсетілген берешекті декларацияны ұсынудың осы Кодекстің 632-бабында белгіленген мерзімінен кешіктірілмейтін мерзімде нотариат куәландыруға тиіс;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, микроқаржы ұйымдарына берешекті қоспағанда, салыстырып тексеру актісі және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт болған кезде – жеке тұлға мен заңды тұлға және (немесе) дара кәсіпкер, оның ішінде бейрезидент болып табылатын дара кәсіпкер арасында түзілген;

3) соттың заңды күшіне енген шешімімен расталған басқа тұлғалардың жеке тұлғаға берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғаларға берешегі (кредиторлық берешек) көрсетіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынған кезде міндетті түрде қоса берілуге жатады.

Қоса берілген құжаттармен расталмаған берешек нөлге тең деп есептеледі.

Бұл ретте кірістер мен мүлік туралы декларацияда берілген лицензия негізінде әрекет ететін "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушының қарыздық краудфандингтік платформасы пайдаланыла отырып жасалған шарт болған кезде дебиторлық және (немесе) кредиторлық берешек көрсетілмейді.";

66) 635-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет өткеру орнына кету туралы бұйрық шығарылған күннен бастап мерзімді қызмет өткеру кезеңіне ұзарту туралы хабарлама салық органына жіберілмей ұзартылады.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметші мәртебесін жоғалтқан кезде әскери қызметшіні әскери бөлімнің жеке құрамының тізімдерінен шығару туралы бұйрықтың негізінде жеке тұлға ұсыну мерзімі ұзартылған жеке тұлғаның декларациясын әскери бөлімнің тізімдерінен шығару туралы бұйрық шығарылған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей ұсынады.";

67) 636 және 637-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"636-бап. Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғаның салық салынатын кірісін айқындау

1. Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғаның салық салынатын кірісі осы бапқа сәйкес айқындалады.

2. Дара кәсіпкердің және резидент – еңбекші көшіп келушінің кірісін қоспағанда, жеке тұлға өз бетінше салық салуға жататын оның салық салынатын кірісі мынадай тәртіппен айқындалады:

дара кәсіпкердің және резидент – еңбекші көшіп келушінің кірісін қоспағанда, жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын кірістері

қосу

жеке практикамен айналысатын адамның салық салынатын кірісі,

қосу

жұмыскердің төлем көзінен салық салуға жататын кірістеріне өзге шегерімдердің алдын ала сомасы қолданылған жағдайда, жұмыс беруші есепке жазған осындай кірістер сомасы,

алу

осы Кодекстің 341-бабында көзделген кірісті түзету

алу

осы Кодекстің 342-бабының 1-тармағында көрсетілген салықтық шегерімдер.

3. Дара кәсіпкердің салық салынатын кірісі мынадай тәртіппен айқындалады:

осы Кодекстің 366-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалған дара кәсіпкердің салық салынатын кірісі

алу

осы Кодекстің 341-бабында көзделген кірісті түзету

алу

осы Кодекстің 342-бабының 1-тармағында көрсетілген салықтық шегерімдер.

4. Резидент – еңбекші көшіп келушінің салық салынатын кіріс сомасы осы Кодекстің 642-бабында белгіленген тәртіппен айқындалады.

5. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер көрсетілген арнаулы салық режимдері шеңберінде салық салынатын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді осы Кодекстің 77-тарауына сәйкес жүргізеді.

637-бап. Жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын кірістерінен жеке табыс салығын есептеу

1. Жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын кірістерінен жеке табыс салығын есептеуді жеке тұлға:

1) кәсіпкерлік қызмет бойынша жеке табыс салығы бойынша декларацияда – жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен айқындалатын дара кәсіпкердің кірісі бойынша;

2) кірістер мен мүлік туралы декларацияда – өз бетінше салық салуына жататын қалған кірістер бойынша жүргізеді.

2. Жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын кірістерінен алынатын жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді жеке тұлғаның салық салынатын кірісінің тиісті сомасына қолдану жолымен есептеледі

3. Бюджетке төленуге жататын жеке табыс салығының сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

осы баптың 2-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген жеке табыс салығының сомасы

алу

жұмыскердің төлем көзінен салық салуға жататын кірістеріне өзге шегерімдердің алдын ала сомасы қолданылған жағдайда, оның осындай кірістерінен есептелген жеке табыс салығының сомасы,

алу

осы Кодекстің 638-бабына сәйкес есепке жатқызу жүзеге асырылатын жеке табыс салығының сомасы

алу

осы Кодекстің 638-1-бабына сәйкес есепке жатқызу жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы.

4. Еңбекші көшіп келушілердің кірістерінен алынатын жеке табыс салығының сомасын есептеуді еңбекші көшіп келушілер осы Кодекстің 642-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен өз бетінше жүргізеді.";

68) мынадай мазмұндағы 638-1-баппен толықтырылсын:

"638-1-бап. Бақыланатын шетелдік компанияның салығын есепке жатқызу

1. Жеке табыс салығы мынадай тәртіптің бірімен айқындалатын шамаға азаяды:

1) дивидендтер түріндегі кірістерден Қазақстан Республикасында төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын қоспағанда, осы Кодекстің 340-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде салық салуға жататын (салық салынған), бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына енгізілген, бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін кірісінен немесе салық салынатын кірісінен салықтық кезеңде Қазақстан Республикасында төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы. Осы тармақшаның ережесі 10 пайыздан кем мөлшерлемені қолдана отырып есептелген, төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасына және егер резидент осы Кодекстің 638-бабы 2-тармағының ережелерін қолданбаған жағдайда қолданылады;

2) шама мынадай тәртіппен айқындалады:

$$Сш = K \times (M_k - M_t) / 100\%$$
, мұнда:

Сш – осы тармақшаға сәйкес шегеруге жататын салық;

К – дивидендтер түріндегі кірістерді қоспағанда, бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын кірісі немесе салық салынатын кірісі;

Мк – Қазақстан Республикасында бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын кірісінен немесе салық салынатын кірісінен 10 пайыздан кем мөлшерлеме бойынша ұсталған корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі (бұдан әрі – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі);

Мт – осы Кодекстің 638-бабының 2-тармағына сәйкес есепке жатқызылған немесе есепке жатқызылуға жататын пайдаға салынатын шетелдік салық есептелген, Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын кірісті немесе салық салынатын кірісті қамтитын, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан шет мемлекетте төленген, Қазақстан Республикасындағы корпоративтік табыс салығына ұқсас, пайдаға салынатын шетелдік салықтың немесе өзге де шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесі (бұдан әрі – пайдаға салынатын шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесі).

Осы тармақшаның ережесі, егер резидент осы Кодекстің 638-бабы 2-тармағының ережелерін қолданса және корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі пайдаға салынатын шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесінен артық болса, пайдаланылады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) немесе 2) тармақшасының ережелері резидент – жеке тұлғада мынадай:

резиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған бақыланатын шетелдік компанияның кірісінен немесе салық салынатын кірісінен төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстап қалуын және Қазақстан Республикасының бюджетіне аударуын растайтын құжаттардың;

Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын кірісті немесе салық салынатын кірісті Қазақстан Республикасында салық салуға жататын (салық салынған) бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына енгізілгенін растайтын, шет тілінде (міндетті түрде қазақ немесе орыс тіліне аудармасымен) жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың);

осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасын қолданған кезде осы Кодекстің 303-бабы 4-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың көшірмелері болған кезде қолданылады.";

69) 641-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғаның салық салынатын кірісінен есептелген жеке табыс салығын төлеуді салық төлеуші есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 25 қыркүйегінен кешіктірмей мынадай тәртіппен жүзеге асырады:";

70) 643-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"643-бап. Кәсіпкерлік қызмет бойынша жеке табыс салығы бойынша декларация және оны ұсыну мерзімдері

1. Салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданатын дара кәсіпкерлер кәсіпкерлік қызмет бойынша жеке табыс салығы бойынша декларация ұсынады.

2. Кәсіпкерлік қызмет бойынша жеке табыс салығы бойынша декларация таратудың салықтық есептілігін қоспағанда, тұрған жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей ұсынылады.

3. Дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған кезде кәсіпкерлік қызмет бойынша жеке табыс салығы бойынша тарату декларациясын ұсыну мерзімі осы Кодекстің 65, 66 және 67-баптарында белгіленген.";

71) 71-тараудың 2-параграфы мынадай мазмұндағы 643-1-баппен толықтырылсын:

"643-1-бап. Кәсіпкерлік қызмет бойынша жеке табыс салығы бойынша декларацияда есептелген жеке табыс салығын төлеудің тәртібі мен мерзімдері

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, кәсіпкерлік қызмет бойынша жеке табыс салығы бойынша декларацияда есептелген жеке табыс салығын төлеу есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірілмей тұрған жерінде жүзеге асырылады

2. Кәсіпкерлік қызмет бойынша жеке табыс салығы бойынша тарату декларациясында есептелген жеке табыс салығын төлеу дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған кезде таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей тұрған жерінде жүзеге асырылады.";

72) 650-баптың 12-тармағының төртінші бөлігіндегі "табыс салығы бойынша декларацияны осы Кодекстің 315 немесе 659-баптарында белгіленген мерзімде" деген сөздер "корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны немесе кірістер мен мүлік туралы декларацияны осы Кодекстің 635 немесе 659-баптарында белгіленген мерзімдерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

73) 658-баптың 5-тармағының сегізінші бөлігіндегі "жеке табыс салығы бойынша декларацияда", "жеке табыс салығы бойынша декларация" деген сөздер тиісінше "кірістер мен мүлік туралы декларацияда", "кірістер мен мүлік туралы декларация" деген сөздермен ауыстырылсын;

74) 659-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"659-бап. Кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, кірістер мен мүлік туралы декларацияны осы Кодекске сәйкес жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын кірістерді Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын бейрезидент – жеке тұлға тұрғылықты (болатын) жері бойынша есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей ұсынады.

Ағымдағы салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызына дейін Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен кірместен ағымдағы салықтық кезең ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шыққан жағдайда, бейрезидент –

жеке тұлға кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынуға және ағымдағы салықтық кезең ішінде жеке табыс салығын төлеуге құқылы. Бұл ретте кірістер мен мүлік туралы декларация ағымдағы салықтық кезеңнің басынан бастап Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге осындай тұлға шыққан күнге дейінгі кезең үшін ұсынылады.

Кірістер мен мүлік туралы декларацияны есепті салықтық кезеңге есептелген жеке табыс салығының сомасы жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер сомасынан асып кеткен жағдайда, осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінің 21) тармақшасында көрсетілген кірістерді алатын бейрезидент – еңбекші көшіп келушілер болатын жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей ұсынады.

Бұл ретте салықтық кезең ішінде осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінің 21) тармақшасында көрсетілген кірістерді алған бейрезидент – еңбекші көшіп келуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шыққан жағдайда, кірістер мен мүлік туралы декларация (декларациялар) осындай адамның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын күніне дейін ұсынылады.";

75) 739-баптың 2-тармағының 5) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тараудың мақсаттары үшін шикі газ деп:

Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілген;

жүзеге асырылуы "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі – жер қойнауын пайдаланушы пайдаланған тауарлық газды өндіру үшін пайдаланылған шикі газ да танылады.";

екінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер осы тармақшада өзгеше белгіленбесе, осы бөлімнің мақсаттарында өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған шикі газ деп, оның ішінде қайта өңдеуден өткен, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы өндірген және көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарға сәйкес осы келісімшарт шеңберінде:";

жетінші абзацтағы "табиғи" деген сөз алып тасталсын;

76) мынадай мазмұндағы 26-бөліммен толықтырылсын:

"26-бөлім. Өтпелі ережелер

781-бап. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу жөніндегі өтпелі ережелер

1. Осы бап 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының

Заңы (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – Заң) қолданысқа енгізілген айдың соңғы күні аралығындағы кезеңде төлем көзінен салық салынатын кірістен және жеке практикамен айналысатын адамдардың салық салынатын кірісінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу жөніндегі өтпелі ережелерді белгілейді.

2. Салық агенті жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтініші бойынша 2025 жылғы кез келген күнтізбелік айдан бастап күнтізбелік жыл шегінде өзге шегерімдердің алдын ала сомасын қолдануға құқылы.

3. Жеке практикамен айналысатын адам Заң қолданысқа енгізілген айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Заң қолданысқа енгізілген айдың соңғы күні аралығындағы кезеңде салық салынатын кірістен есептелген жеке табыс салығын төлеуді жүзеге асырады.

782-бап. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін осы Кодекстің 3-бабы 3 және 5-тармақтарының ережелері осы Кодекстің 302-бабының 1-тармағын, 223 және 313-баптарын қолданған кезде салық төлеушілерге қолданылмайды деп белгіленсін.

783-бап. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) осы Кодекстің 223-бабының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"223-бап. Салық салу объектілері

Мыналар корпоративтік табыс салығын салу объектілері болып табылады:

- 1) салық салынатын кіріс;
- 2) төлем көзінен салық салынатын кіріс;
- 3) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент – заңды тұлғаның таза кірісі;

4) жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелгендерді қоспағанда, бақыланатын шетелдік компаниялардың және бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің салық салынатын кірісі;

5) жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелген бақыланатын шетелдік компаниялардың және бақыланатын шетелдік компаниялар тұрақты мекемелерінің салық салынатын кірісі;

6) 2025 жылдағы мынадай кірістер сомасы түрінде айқындалатын кіріс:

мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімі (мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізуден болатын залалдарға азайтылған),

осы Кодекстің 279-бабына сәйкес айқындалған, бір жылға дейінгі мерзімге жасалған валютамен және пайыздық мөлшерлемелерді айырбастаумен жүргізілетін своп-операциялар бойынша кірістер (бір жылға дейінгі мерзімге жасалған валютамен және пайыздық мөлшерлемелерді айырбастаумен жүргізілетін своп-операциялар бойынша залалдар сомасына азайтылған),

бір жылға дейінгі мерзімге жасасылған репо операциялары бойынша сыйақылар (бір жылға дейінгі мерзімге жасасылған репо операциялары бойынша сыйақы түріндегі шығыстар сомасына азайтылған);

мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде бір жылға дейінгі мерзімге орналастырылған салымдар (депозиттер) бойынша сыйақылар.";

2) Салық кодексінің 302-бабы 1-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Таза кіріске салынатын корпоративтік табыс салығын және төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын қоспағанда, салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы мынадай тәртіппен есептеледі:

осы Кодекстің 313-бабының 1 немесе 2-тармағында белгіленген мөлшерлеменің және осы Кодекстің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстар сомасына азайтылған, сондай-ақ осы Кодекстің 300-бабына сәйкес ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салынатын кірістің көбейтіндісі

қосу

осы Кодекстің 313-бабының 1-1-тармағында белгіленген мөлшерлеме мен осы Кодекстің 223-бабының 4) тармақшасында айқындалған, осы Кодекстің 300-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салу объектісінің көбейтіндісі

қосу

осы Кодекстің 313-бабының 1-1-тармағында белгіленген мөлшерлеме мен осы Кодекстің 223-бабының 5) тармақшасында айқындалған салық салу объектісінің көбейтіндісі

қосу

осы Кодекстің 313-бабының 1-2-тармағында белгіленген мөлшерлеме мен осы Кодекстің 223-бабының 6) тармақшасында айқындалған салық салу объектісінің көбейтіндісі

алу

осы Кодекстің 303-бабына сәйкес есепке жатқызу жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы

алу

салықтық кезеңде ұтыс түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған, осы баптың 2-тармағына сәйкес азайту жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы

алу

сыйақылар, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған, осы баптың 3-тармағына сәйкес алдыңғы салықтық кезеңдерден ауыстырылған корпоративтік табыс салығының сомасы

алу

салықтық кезеңде сыйақылар, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған, осы баптың 2-тармағына сәйкес азайту жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы.";

3) осы Кодекстің 313-бабының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"313-бап. Салықтық мөлшерлемелер

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, салық төлеушінің осы Кодекстің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстар сомасына және осы Кодекстің 300-бабында айқындалған тәртіппен ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салынатын кірісі 20 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салуға жатады.

1-1. Осы Кодекстің 223-бабының 4) және 5) тармақшаларында айқындалған салық салу объектілері 20 пайыз мөлшерлемесі бойынша салық салуға жатады.

1-2. Осы Кодекстің 223-бабының 6) тармақшасында айқындалған салық салу объектілері 10 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салуға жатады.

2. Ауыл шаруашылығы өнімін, аквашаруашылық (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалардың осы Кодекстің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстар сомасына және осы Кодекстің 300-бабында айқындалған тәртіппен ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салынатын кірісіне, егер мұндай кіріс ауыл шаруашылығы өнімін, аквашаруашылық (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, өзі өндірген аталған өнімді, сондай-ақ осындай қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алынса, 10 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салынуға жатады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қызметті жүзеге асырудан алынған кіріс деп ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге мынадай бағыттар бойынша берілген бюджеттік субсидиялар да танылады:

1) агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін ауыл шаруашылығы техникасының, технологиялық жабдықтың лизингі бойынша, сондай-ақ технологиялық жабдыққа кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін арзандату;

2) өсімдіктердің жоғары бағалы сорттары мен ауыл шаруашылығы жануарларының, құстар мен балықтар тұқымдарының тектік қорын сақтау және дамыту;

3) тұқым шаруашылығын дамыту;

4) мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыру;

5) аквашаруашылықтың (балық өсіру шаруашылығының) өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыру;

6) басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыру, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандату;

7) отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын арзандату;

8) өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату;

9) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту;

10) жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру);

11) ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіру;

12) ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындардың құнын арзандату;

13) ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін жаңа өндірістік қуаттарды құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу.

3. Бейрезиденттердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын кірістерін қоспағанда, төлем көзінен салық салынатын кірістер төлем көзінен 15 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салуға жатады.

4. Бейрезиденттердің осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 1) – 9), 11) – 34) тармақшаларында айқындалатын Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын, осындай бейрезиденттердің тұрақты мекемесімен байланысты емес кірістеріне, сондай-ақ осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген кірістерге осы Кодекстің 646-бабында белгіленген мөлшерлемелер бойынша салық салынады.

5. Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент – заңды тұлғаның таза кірісіне осы Кодекстің 652-бабында белгіленген мөлшерлеме бойынша және тәртіппен корпоративтік табыс салығын салуға жатады."

784-бап. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру және мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркінің және оның қатысушыларының қызметі, сондай-ақ "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері қатысушыларының қызметі "Астана Хаб" дербес кластерлік қорының, "Астана Хаб" инновациялық кластерінің және оның қатысушыларының қызметі ретінде есептеледі деп белгіленсін."

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) мынадай мазмұндағы 7-3, 26-1, 42-1, 42-2 және 42-3-баптармен толықтырылсын:

"7-3-бап. Салық кодексінің 88-бабы 1-тармағы 8) тармақшасының қолданысы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"8) өндіруді, жинауды (жинақтауды) еркін қойма аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілерді қоспағанда, осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, жинауды (жинақтауды);";

"26-1-бап. Салық кодексінің 208-бабы 10-тармағының қолданысы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"10. Акциз бойынша салықтық есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме мынадай қызмет түрлерін:

бензинді (авиациялық бензиннен басқа), дизель отынын өндіруді;

бензинді (авиациялық бензиннен басқа), дизель отынын көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді;

этиль спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндіруді;

темекі бұйымдарын өндіруді;

еркін қойма аумағында өндіруді, жинауды (жинақтауды) қоспағанда, осы Кодекстің 462-бабының 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, жинауды (жинақтауды) жүзеге асыратын салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қолданылады.

Акциз бойынша салықтық есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме шикі мұнай, газ конденсаты бойынша (экспортқа өткізілген шикі мұнайдан, газ конденсатынан басқа) салық салынатын операцияларды жүзеге асыратын салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қолданылады.

Акциз бойынша салықтық есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме темекі бұйымдарын, қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, электрондық сигареттерде пайдалануға арналған құрамында никотин бар сұйықтықты көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қолданылмайды.";

"42-1-бап. Салық кодексінің 461-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының қолданысы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1) өндіру еркін қойма аумағында жүзеге асырылатын, осы Кодекстің 462-бабының 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар шығаратын;"

"42-2-бап. Салық кодексінің 461-бабы 1-тармағы 6) тармақшасының қолданысы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"6) жинауды (жинақтауды) еркін қойма аумағында жүзеге асыруды қоспағанда, осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды жинауды (жинақтауды) жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады."

"42-3-бап. Салық кодексінің 464-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының қолданысы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1) акциз төлеуші өзі шығарған және (немесе) өндірген және (немесе) ыдысқа құйған акцизделетін тауарлармен жүзеге асыратын мынадай операциялар:

осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген, өндіру, жинау (жинақтау) еркін қойма аумағында жүзеге асырылатын тауарларды қоспағанда, акцизделетін тауарларды өткізу;

акцизделетін тауарларды алыс-беріс негізінде қайта өңдеуге беру;

алыс-берістік, оның ішінде акцизделетін шикізат пен материалдарды қайта өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру;

жарғылық капиталға жарна;

акцизделетін тауарларды заттай нысанда пайдалы қазбаларды өндіру салығын, экспортқа рента салығын төлеу есебіне беру жағдайларынан басқа, акцизделетін тауарларды заттай ақы төлеген кезде пайдалану;

өндіруші өзінің құрылымдық бөлімшелеріне жүзеге асыратын акцизделетін тауарларды тиеп-жөнелту;

өндірушінің шығарылған және (немесе) өндірілген және (немесе) ыдысқа құйылған акцизделетін тауарларды өздерінің өндірістік мұқтаждықтары үшін және акцизделетін тауарларды өздері өндіру үшін пайдалануы;

өндіруші жүзеге асыратын акцизделетін тауарлардың лицензияда көрсетілген өндіріс мекенжайынан орын ауыстыруы;"

2) 44-баптың 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) байланыс саласындағы уәкілетті орган радиожиилік спектрін пайдалануға берген рұқсаттар шеңберінде өзіне міндеттемелер қабылдаған, төлемақының тиісті мөлшерлемесін төмендетуден босаған қаражаттан аз емес қаражатты қалалық және ауылдық елді мекендерде Интернетке кең жолақты қолжетімділік жобаларын қаржыландыруға дербес өзі немесе топтасып жіберген байланыс операторлары үшін Салық кодексінің 595-бабы 2-тармағы кестесінің жетінші және он алтыншы жолдарының қолданысы 2031 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, төлемақының айқындалған жылдық мөлшерлемелері 90 пайызға азайтылады деп белгіленсін.

Төлеушілер төлеген төлемақы сомаларын қайтару жүргізілмейді.

Байланыс операторлары осындай міндеттемелерді ресімдеу мақсатында байланыс саласындағы уәкілетті органға радиожиилік спектрін пайдалануға арналған рұқсатты

жібереді, ол міндеттемелерді енгізеді және радиожилілік спектрін пайдалануға арналған рұқсатты байланыс операторына қайтарады.

Байланыс операторлары тиісті міндеттемелер орындалғанға дейін және орындалғаннан кейін көрсетілген жобаларды қаржыландыру бойынша жыл сайынғы аудиттелген мәліметтерді байланыс саласындағы уәкілетті органға ұсынады, сондай-ақ қалалық және ауылдық елді мекендерді Интернетке кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету жөніндегі ақпаратты ай сайынғы негізде береді;"

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2023 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы ", он сегізінші – отыз үшінші" деген сөздер алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 75) тармақшасын;

2) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының бірінші, төртінші – жетінші абзацтарын;

3) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 8) тармақшасын;

4) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 20) тармақшасының бірінші, алтыншы – сегізінші абзацтарын;

5) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 4) тармақшасын, 6) тармақшасының бірінші және екінші абзацтарын, 12), 15), 16), 17) және 19) тармақшаларын және 3) тармағын;

6) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 7) тармақшасының бірінші – үшінші абзацтарын, 10), 13), 14) және 18) тармақшаларын, 20) тармақшасының екінші – бесінші, тоғызыншы – он екінші абзацтарын, 21), 22), 24), 25), 27) – 33) тармақшаларын, 34) тармақшасының бірінші – тоғызыншы, он бірінші – он үшінші абзацтарын, 35) – 47), 49) – 53), 56) – 58), 60) – 74) тармақшаларын, 76) тармақшасының бірінші – алпыс екінші абзацтарын және 2-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

